

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 150аб қаулысы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген қаулыға 605-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 5 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 150аб қаулысына қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1429 қаулысына 605-қосымша

Республикалық бюджеттің атқарылуын

бақылау жөніндегі есеп комитеті

(бюджеттік бағдарламаның әкімшісі)

600 "Республиканың бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетін есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламаның 2003 жылға арналған Паспорты

1. Құны: 3677 мың теңге (үш миллион алты жүз жетпіс жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау туралы" 2002 жылғы 29 қаңтардағы

Қазақстан Республикасының Заңы , "Мемлекеттік аппараттық қызметін жақсарту, бюрократизммен күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: сырттай бақылаудың ақпараттық-анықтамалық жүйесін жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету, жұмыс орындарын автоматтандыру, мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне бір мезгілде ену.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N	Бағ. р/дар. н	Кіші бағ. дар. лама. ның коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мер. шылар зімі	Жауапты атқару.
1	2	3	4	5	6	7
1	600		Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетін есептеу және техникамен қамтамасыз ету	Портативті компьютер - 5 дана, LCD-монитор. лар - 8 дана, компьютер. лер - 9 дана, лазерлі принтер - 7 дана, портативті принтер - 2 дана, фотопринтер - 1 дана, автосканер - 1 дана, Adobe Acrobat лицензиясы - 1 дана, сыртқы портативті ақпарат жинақтаушы - 1 дана	Жыл бойы бюджеттің атқары. луын бақылау жөніндегі есеп комитеті	Респуб. ликалық бюджеттің атқары. луын бақылау жөніндегі есеп комитеті

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, бақылау объектілеріне барып қызметті қамтамасыз етуді қоса алғанда, жұмыс орындарын автоматтандыру және кеңейту, электрондық шығу

документациясын дайындау, мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне ену, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті қабылдайтын шешімдердің тиімділігін және өзара келісімділігін арттыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК